

–тарихи және логикалық өзара қарым-қатынастар (М.Н. Алексеев, А.Г. Спиркин және т.б.);

–теориялық жүйелердің құрылу қағидаттары (В.Н. Голованов, М.Ш. Хасанов және т.б.).

Жалпы теориялық маңыздылығы – қазіргі заманғы отандық педагогика ғылыми дискурсына көптілді білім беруді теориялық және әдіснамалық концептуализациялау нәтижелерін енгізу. Осы тұрғыда, педагогикалық теория көптілді білім беру мазмұны, онымен байланысты көптілді тұлға концептісі, көптілді білім беру теориясы ретінде этнолингводидактика, көптілді білім беруді жүзеге асырудың әдістемелік құралы ретінде этнолингводидактикалық тәсіл туралы біліммен толықтырылды.

Көптілді білім беруді ұйымдастыру форматы ретінде мультимедиалық орталықтар ұйымдастыру принципі бойынша құрылған, сонымен қатар оқу және әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын «Көптілді білім беру орталығы» болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байниева К.Т., Хайржанова А.Х., Умурзакова А.Ж. Системно-целостный подход к полиязычному образованию в Казахстане // Междунар. журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2013. — № 10. — с. 198-201.

2. Берталанфи Л. Общая теория. Исследование по общей теории систем. -М.: Прогресс.- 1969.- с.520

3. Жетписбаева Б.А., Аринова О.Т. От идеи «Триединство языков» Н.А.Назарбаева до полиязычного образования в Казахстане // Вестн. Караганд. гос. ун-та. Сер. Педагогика. — 2012. — № 4 (68). — с. 19-23.

4. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // ru.government.kz/resources/docs/doc18

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

ТӨКЕН АҚЕРКЕ ӨТЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ

(Ғылыми жетекші: Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбековна)

Қызылорда обл., қызылорда қ-сы,

Қорқыт ата атындағы қызылорда университеті

Аннотация. Бұл мақалада мен Үштілділікті қолдай отырып, қазіргі таңдаға мәселелерге жеке – жеке тоқтала отырып, болашағында айта кеттім. Қазіргі таңдағы мәселелері яғни, маман жетіспеушілігі, балабақшадан ағылшын тілінің алынып тасталуы, осы мәселелердің шешімін ұсынып, балабақшаға ағылшын тілін қайта қосу керектігі туралы айтып жеткіздім. Және қазіргі таңдағы көпшілігінің ойы, қазақ тіліне яғни ана тілімізге зияны тиеді деген шешімдеріне де толық тоқталдым.

Мен осы мәселерден маман жетіспеушілігі деген ұғымды алып тастау үшін оқу орындарынан қолға алыну керек екендігін және өз ұсынысымды айттым. Өз мамандығым тәрбиеші болғандықтан, балабақшадағы ағылшын және орыс тіліне толық тоқталдым.

Тіл мәселесі адам, қоғам өміріндегі ерекше орны бар аса күрделі де маңызды құбылыс. Тұңғыш елбасы Н. Назбаевтың “Үш тұғырлы тіл” жобасы ел болашағын баянды етуден туған, жарқын болашақты көздеген мақсаты. Бұл жобаның негізгі мақсаты “Үш тұғырлы тіл” яғни - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, еліміз әлемдегі жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін - мемлекеттік тілі ретінде, орыс тілін - ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін - жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуымыз керек.

2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XVI құрылтайында мемлекет басшысы “Үш тұғырлы тіл” туралы идеясын жария еткен болатын. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынған еді. Үштұғырлы тіл идеясын қарапайым әрі түсінікті тілмен мынадай формуламен көрсетуге болады: мемлекет тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Қазіргі таңда «Үш тұғырлы тіл» идеясының мәселесі 2019 жылдың қазан айынан бастап білім мен ғылым министрі Асхат Айтмағанбетов ҚР Парламент мәжілісінде өткен Үкімет сағатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары бағдарламасынан ағылшын тілін оқыту алынып тасталуы мүмкін екенін айтты.[1] Осыған байланысты 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап балабақшадағы ағылшын тілінен беретін мамандар бағдарлама талабына сай болмағандықтан және ата-аналармен тәрбиешілердің ұсынысы қаралып ағылшын тілі балабақшадан алынып тасталды. Бірақ балабақшада ағылшын тілін үйретудің маңызы зор болғандықтан вариативті компонент қала береді. Яғни бала ағылшын тіліндегі маңызды сөздерді жатқа біледі, сөздік қорын байытады.

Ағылшын тілі балабақшадан пән ретінде алынды, бірақ мектептерде жаратылыстану бағытындағы пәндер ағылшын тілінде оқытылып жатыр. Бұл шешімге ұстаздардың пікірі екіге бөлініп жатыр соның бірі: ұстаз Айман Сағидулланың (Алматы облысы, Қарасай ауданы) пікірі: “дамыған мемлекеттерде ғылым басқа тілде сөйлемейді. Ғылым даму үшін, бала ғылымды өз ана тілінде оқуға тиісті...” - деп, ғылымды дамыту үшін өз тіліміздің де жеткілікті екенін айтып жеткізді[2]. Ал Т.Тәңірбергенқызы өз ойында “ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес”[3] екенін айтып жеткізді. Бұл дегеніміз халықаралық қатынас тілі - ағылшын тілін жетік білуіміз керек екендігін білдіреді.

Бұл жағдайлар яғни балабақшада маманның жетіспеушілігі, мектепте оқушылар ағылшын тілін толық меңгермей сабақтардың ағылшын тілінде өтуі қазіргі таңдағы “үштілділік” жобасының мәселесі болса, бұл жобаның болашағына да әркімнің көзқарасы әртүрлі. “Үштілділік” жобасын енгізу қазақ тіліне, яғни мемлекеттік тілге ешқандай нұқсан келтірмейді. Оған негіз ретінде тұңғыш елбасымыздың сөзін алсақ болады: “қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік



тілі және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады.” «4» Байқағанымыздай, әр тілдің қоғамдағы өзіндік атқаратын рөлі бар, сол себепті, көптілділік ана тілді шеттетуге жағдай жасайды деп орынсыз тұжырым жасауға асықпау керек. Қазіргі заман талабына сай адам болу үшін еліміздің азаматтары өз ана тілін ғана емес, шет тілдерін де білуі қажет. Көп тілді меңгеру ел азаматтарының өздеріне ғана емес, ел үшін де орасан зор пайдасын әкелмек. Сондықтан, қазіргі қоғамда көптілді болу кез-келген адамды жаңашылдыққа, тың өмірге бастайтын жол болып саналады.

Қазіргі таңда «Үштілділік» өз шешімін таппаған, ауқымды мәселеге айналып отыр. Халықтың жартысы қолдаса, енді бірі керек емеске салып жатыр. ХХІ ғасырдың жастарының, әрі болашақ тәрбиеші ретінде мен ағылшын тілінің балабақшада болуын қолдаймын және дұрыс деп санаймын. Мен 2015-2019 жылдар аралығында Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінде оқыдым, оқу жылдарында бізді тереңдетілген ағылшын тілі сабағы болды. Бізді 2 жылда балабақшада ағылшын тілінен сабақ беретін маман ретінде қалыптастырып шығарды десек те болады. «Білім инновация» лицейінің мамандарынан білім алып, 2 жылдық оқу аяқталған соң, арнайы сертификаттарды қолымызға алдық. Бірақ 2020 жылдан бастап балабақшадан ағылшын тілінің алынып тасталуына байланысты, біз тек тәрбиеші маманы болып қалдық, менің ұсынысым балабақшаға мамандарды даярлап қайта қосса және қазір мен оқып жатқан оқу орнында яғни, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде тәрбиешілерді дайындау барысында, ағылшын тілін қосып: «балабақшада ағылшын тілін үйретудің әдістемесі» пәні қосылса және оқу бітірген мамандарға сертификат емес куәлік берілсе, маман жетіспеушілігі мүлде болмайды.

Қазіргі таңда осы маман жетіспеушілігі салдарынан жаңа білім беру жобасын түбегейлі орындау қиындық тудыруда. Білім министрі «Жоғары сыныптарда төрт пәнді ағылшын тілінде оқыту үшін бізге 32000 мұғалім

керек. Бізде барлығы 365000 оқытушы бар. Егер әр жиырмамыншы мұғалім төрт жыл ішінде ағылшын тілін меңгеріп алса, біз қажетті норманың жартысын орындаған боламыз. Ал, мен ондай мұғалімдердің көп болатынына сенімдімін. Бұған қоса біз жыл сайын 12-13мың мұғалімді жаңадан жұмысқа аламыз. Егер олардың үштен бірі ағылшын тілін білетін болса, бұл қажет норманың қалған жартысын толықтыруға мүмкіндік береді» деп, мұғалім тапшылығын баса айтып отырып, сол мәселені шешуде позитивті пайымдау жасап отыр. Маман даярлау мәселесі бойынша Жаңыл Жонтаева былай деп

позитивті пайымдау жасап отыр. Кадр даярлау мәселесі бойынша Жаңыл Жонтаева былай деп тұжырымдады: “Үш тілді меңгерген профессор-оқытушылар құрамы жасақталып жатыр. Бакалавриатта сабақтарды ағылшын тілінде 2 121 адам, магистратурада – 386, докторантурада – 145 адам оқытады. Биыл ағылшын тілінде сабақ беруге әзір 3500 түлек жоғарғы оқу орындарын бітіреді. 2019 жылға қарай бұл көрсеткіш 30 мыңға жетеді. Қазіргі мұғалімдерге өз жұмыс орындарынан айырылып қаламыз деп алаңдаудың қажеті жоқ – олар негізгі мектепте (1-9 сыныптарға) сабақ береді. Бұдан басқа, мұғалімдердің барлығына Педагогикалық шеберлік орталығынан, Назарбаев Университетінен, «Өрлеу» біліктілікті көтеру орталықтарынан, қазақ-түрік лицейлерінен біліктіліктерін көтеруге мүмкіндіктер берілген. Пәндерді ағылшын тілінде оқытқысы келетін мұғалімдер тілдік машықтарын онлайн-курстар, біліктілікті көтеру курстары арқылы жетілдіре алады[4].

Қорыта айтатын болсақ, барлық әлем үшін көп тілде білім беру – шынайы қажеттілік, заман талабы. Үштілділікті енгізу арқылы мемлекет ұлтаралық алауыздықтың алдын алып, адамдар арасындағы келіссөздерді және түсіністікті дамытуға болады. Қазақстан үшін үштілділікті қолданысқа енгізу бұрын сонда болмаған жаңашыл қоғам тудыру ретінде қарастырылып отыр. Аталмыш бағдарламаны төл мәдениетімізді ескере отырып, тіл меңгерудің лингвистикалық, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерін негізге алу арқылы енгізу қажет. Қысқасы, үштілділік – заман талабы, себебі еліміз үшін жаһанданудан тысқары қалтарыста, дамыған мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймау шарт.

Қолданыста жүрген қазақ және орыс тілдерінен өзге ағылшын тілі де білім беру жүйесіне кірістірілуі тиіс, себебі көптеген маңызды ғылыми жобалар мен мақалалар, әлемге аты әйгілі ғалымдар өз еңбектерін түпнұсқада ағылшын тілінде жазады. Елімізде 135-тен астам ұлт өкілдері тұратындықтан, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде меңгерілуі қажет. Сонымен қатар, қазақ тілі өз ана тіліміз және мемлекеттік тіл болғандықтан өз дәрежесіне сәйкес білім беру жүйесінде орын табуы қажет. Осылай ғана еліміз өркендеп, көркейіп, бәсекеге қабілетті елдердің санатына кіре алады.

«Өз тілің - бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жасыл жарық жағылып тұратыны белгілі жәйт. Келешекте жеті жұрттың тілін біліп,

мемлекеттің мүддесін, ұлтың мен жұртыңның жай-күйін әлемге дауысың жететін мінберден асқақтата айтып тұратын күнге жетуіміз керек.[5]

Пайдаланылған әдебиеттер:

- [1] Ақмешіт апталығы газеті, 2019 ж. қазан
- [2] Abai.kz ақпараттық порталы, 1 тамыз 2016 жыл
- [3] Abai.kz ақпараттық порталы
- [4] <https://ziyaly.kz/shtildilik-zhaa-zaman-sranysy/>
- [5] https://www.inform.kz/kz/ushtildilik-zaman-talaby_a2942505

ӘЛЕМДІК ТІЛДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ МЕН АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ: ҚОҒАМ-ТІЛ-МӘДЕНИЕТ

Тұрсынбек А.Е.

(ғылыми жетекші – аға оқытушы Отынищева М.Т.)

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан, Қарағанды қ.

Аңдатпа: Қоғам үшін жасалынатын әрбір жаңаша бастама – ел ертеңінің игілігі. Бұл мақалада қоғам, тіл, мәдениет ұғымдарына байланысты, осы үш үлкен тақырыптың ортақ тұстары баяндалып, тілдік құрылымның құзыреттілігі, еліміздің әлемдік аренадағы қол жеткізуі мүмкін деген болжамдар да айтып өтілген. Тілдік құрылым, саналы қоғам, мықты мәдениеттің айқын бейнесі сипатталған. Тұңғыш президент жолдауларынан алынған пікірлерге сүйене отырып, жеке пікір баяндалған. Мақалада ел ертеңі жастар болатыны негізделген. Біздің қоғамның мүмкіндіктері мен артықшылықтары жайлы сөз етілген. Мақала толықтай ұлттық мүддеге тоқтала өтіп, тақырыптың өзекті мәселелері баяндалған.

Кілт сөздер: Тіл, қоғам, мемлекет, мәдениет, тарих, әлем, экономика, байланыс, қарым-қатынас.

Тіл – күшті ғалам жаратылысындағы күрделі құбылыстардың бірі әрі бірегейі саналатыны хақ. Қоғам мен халық, мемлекет пен мемлекетті, адам мен адамның өзара түсінігі, байланысы үшін негізгі құрал саналатын тіл әр мемлекеттің баға жетпес байлығы, сарқылмас қазынасы болып табылады. Әрине, әр мемлекеттің өзіне тән тілі, діні, мәдениеті басқа да құндылықтары болатын болса, соның ішінде тіл ештеңеге айырбасталмайтын өзіндік ерекшеліктері мен мән мағынасы жоғары құрылым болып саналады. Қазіргі әлем тарихындағы тілдер жайлы сөз қозғайтын болсақ, әлемдік қолданыстағы көш бастаушы тілдер бүгін де өз дәрежесінде лайықты мәртебеде қолданылып келеді. Қоғамды да, халықты да, ұлттық сана-сезім мен рухани бірлікті көтеретін тіл деп ойлаймыз. Тіл – ұлттың, мемлекеттің тірегі. Өзіндік бай сөздік қоры бар, сонау тарих қойнауынан сыр шертетін